



**Автор:** Муканова Анар Кажығалиевна

**Пән:** Қазақ әдебиеті

**Сынып:** 5-сынып

**Бөлім:** Тәрбиенің қайнар бұлағы

**Тақырып:** Ы.Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл» Еңбек-біздің өмірімізде.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.2.4.1 (А/И)-көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу 5.1.1.1 (Б/С) Оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу
Сабақтың мақсаты:	<input type="checkbox"/> Шығарманың тәрбиелік мәнін ашады. Шынайы өмірмен байланыстырып бағалайды. <input type="checkbox"/> Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат жазады. <input type="checkbox"/> Оқырманның рухани дүниесіне шығарманың беретін тәрбиесін талдай отырып, сыни хабарлама жазады.
Бағалау критерийлері:	<input type="checkbox"/> Шығарманың тәрбиелік мәнін ашады. Шынайы өмірмен байланыстырып бағалайды. <input type="checkbox"/> Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат жазады; <input type="checkbox"/> Сыни хабарлама жазады.
Пәнаралық байланыс:	Тарих, география

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Амандасу. Ширату «Жалғасын тап» атты ширату жаттығуымызда мақал-мәтелдерді қиямыз, оны оқушылар құрастырады. Еңбек ерлікке жеткізер, ... ( ерлік елдікке жеткізер ) Еңбек етпей елге өкпелеме, ... ( егін екпей жерге өкпелеме ) Еңбек етсең емерсің, ... ( ерінбесең жеңерсің ) Еңбегіне қарай — құрмет, ... ( жасына қарай – ізет ) Еңбек адамның ... ( екінші анасы ) Еңбек – ата, ... ( жер – ана) Еңбекет те мақтан, ... ( ойнапкүл де шаттан ) Еңбеккежастан, ... ( өнергебастан ) Үй тапсырмасын тексеру: «Қыпшақ Сейітқұл туралы менің түйген ойларым» деген тақырыпта жазған эсселерін оқиды. Дескриптор: - Кейіпкердің адамгершілік қасиетін ашады; - Шығармадан дәлелдер келтіреді; - Эссе құрылымын сақтайды. ҚБ «Бағдаршам» әдісі арқылы оқушылар өз жұбына кері байланыс береді	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Оқу мақсаты және бағалау критерийлері хабарланады. 1-тапсырма ЖЕКЕ ЖҰМЫС Концептуалдық кесте 1.Әңгімедегі кейіпкерлерді жазады. 2.Кейіпкерлердің іс-әрекетін теріп жазады. 3. Кейіпкердің адамгершілік қасиетін жазады. 4. Кейіпкер әрекетіне өзі баға береді. Кейіпкер Іс -әрекеті Адамгершілік қасиеті Кейіпкерге бағаң Дескриптор - Кейіпкердің іс-әрекетін табады; - Кейіпкердің адамгершілік қасиеттерін жазады; - Кейіпкерге өзіндік баға береді; - Баға беру барысында мақал, нақыл сөздер қолданады. ҚБ«Бағдаршам» әдісі арқылы оқушылар өз-өзіне кері байланыс береді 2-тапсырма ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС «Қос құты» әдісі Қыпшақ Сейітқұл мен өз өмірінде кездестірген еңбек адамының адами қасиеттерін анықтап, өзара салыстырыңыз. Дескриптор - Кейіпкерлердің адами қасиеттерін анықтайды; - Кейіпкердің адамгершілік қасиеттерін салыстырады; ҚБ «Шынайы баға, жалған баға» әдісі бойынша жұптар бір – бірін бағалайды. 3-тапсырма Жеке жұмыс «Рафт» әдісі бойынша «Еңбегі көптің өнбегі көп» деген тақырыпта әңгіме авторы Ыбырай атамызға хат жазыңыз. Рөл-оқушы Аудитория - авторға Форма - хат, өлең Тақырыбы - «Еңбегі көптіңөнбегі көп» Дескриптор - Адал еңбектің адам өміріндегі пайдасынкөрсетеді; - Шығармадан алған әсерін кейіпкерлер әрекетіменбайланыстырады; - Хат құрылымын сақтайды. ҚБ «Үш шапалақ» әдісі 4-тапсырма Жеке жұмыс. Оқырманның рухани дүниесіне шығарманыңберетін тәрбиесін талдай отырып, сыни хабарлама жазады. «ҚыпшақСейтқұл әңгімесінің тәрбиелік мәні» деген тақырыпта шығарманыңоқырманға беретін тәлім-тәрбиесін талдап жазыңыз. Бағалау критерийі -Кейіпкердің іс-әрекетіне талдау жасай алады; - Өмірмен байланыстырыпсыни баға береді; Дескриптор: - Кейіпкердің іс-әрекетін шығармадан дұрыстаңдайды; -Іс- әрекеті бойынша кейіпкердің өзіндік құндылығынанықтайды; - Кейіпкерге сыни көзқараспен баға береді. ҚБ «Бағдаршам»әдісі арқылы оқушылар бір-біріне кері байланыс береді Кері байланыс.</p>	
Сабақтың соңы	<p>«Сабақ нәтижесі бойынша комплимент айтқым келеді: сабаққа, сыныптасыма, жазушыға т.б.» Оқушылар сабақта орындаған тапсырмалары бойынша сыныптасына, шығарма авторына, сабаққа комплимент айтады. Үй тапсырма: «Атымтай Жомарт» әңгімесінің мазмұнын оқу</p>	